

**"Қазконтент" акционерлік қоғамы акцияларының пакетін жеке меншіктен республикалық меншікке сыйға тарту шарты бойынша қабылдауды келісу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 наурыздағы № 333 Қаулысы

"Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" акционерлік қоғамының "Қазконтент" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) акцияларының пакетін республикалық меншікке сыйға тарту шарты бойынша беру туралы ұсынысын қабылдауға келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағынан туындайтын қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын;

2) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 4

н а у р ы з д а ғ ы

№

3 3 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін, толықтырулар**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім:  
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-145-жолмен толықтырылсын:  
"21-145. "Қазконтент" АҚ".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:  
көрсетілген қаулының қосымшасында:  
"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі" деген бөлім:  
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 304-2-жолмен толықтырылсын:  
"304-2. "Қазконтент" АҚ".

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.**